Отыншиева Айдана Айтукызының
«Қазақстандық және шетелдік заңнама бойынша жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі: Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау» атты заң ғылымдары бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының докторы, профессор Ибраева Алуа Саламатовнаның берген

ПІКІРІ

Отыншиева Айдана Айтукызы «Қазақстандық және шетелдік заңнама бойынша жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі: Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау» атты диссертациялық жұмысы қазіргі таңда ең бір өзекті мәселелердің біріне арналып жазылған. Қоғамның жаһандануы жағдайында адам құқықтары мәселелерін қорғап, реттеу механизмін жетілдіру, күшейту қажетті шара болып табылады.

Ел дамуының бірден-бір маңызды басымдылығы ретінде мемлекетте адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саясаты екендігін атап өткен жөн. Тиісінше, мұндай қажеттілік ғылым алдында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі мәселелерін мемлекеттік-құқықтық реттеу төңірегінде ғылыми ізденістер мен зерттеулер жүргізу мәселесін көлденеңінен қойып отыр.

Отыншиева Айдана Айтукызы өзінің диссертациясын осындай ірі мәселеге арнай отырып, алдына үлкен мақсат қойған, әрі оған қол жеткізу үшін үлкен ғылыми жұмыстар жүргізген:

Біріншіден, адамзаттық құндылықтар екінші қатарға ысырылған бүгінгі нарықтық даму заманында адам, оның құқықтары мен бостандықтары мәселесін докторант алдыңғы орынға шығарып, оны жан-жақты, біздің құқықтық жүйе мен англо-саксондық жүйені салыстыра отырып, Ұлыбритания елінің мол тәжірибесінің оңтайлы тұстары мен кемшіл жақтарын терең негіздеген. Бұл өте күрделі жұмыс.

Екіншіден, мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтары мәселелерінің қорғалуын реттеу жөніндегі функциясына талдау жасап, мемлекеттің тұлғаның құқықтық жағдайы мәселелерін реттеу механизмдерін жан-жақты саралаған.

Үшіншіден, Қазақстанда жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің қорғалуын реттейтін нормативтік құқықтық базаны тиісті шетелдік, халықаралық-құқықтық деректермен салыстырып, адам құқықтары тең негізде қарастырылып, қорғалуы мәселесінің Қазақстанда құқықтық реттелуі жағдайын батыл сынға алған. Бұл аз жұмыс емес.

Отыншиева Айдана Айтукызы диссертациясымен танысу, оның кең көлемде статистикалық, ғылыми, тарихи деректерге сүйеніп, халықаралық тәжірибені негіз ретінде алғанын куәландырады. Бұл айтылған жағдайлардың барлығы, менің ойымша жұмыстың салмағы мен өзектілігін арттырады деп

санаймын.

Сөз соңында айтарым, ұсынылып отырған Отыншиева Айдана Айтукызы «Қазақстандық және шетелдік заңнама бойынша жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі: Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау» атты заң ғылымдары бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сәйкес келеді және қорғауға ұсынуға толығымен тұрады деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университетінің
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқық
кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының докторы А.С. Ибраева

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова
«_____» _____ 20____ ж.